

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ЗАҢ СЕРИЯСЫ
2022 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ЮРИДИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 2022 ГОДА

ISSN 2958-8618

№ 2 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Юридическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ90VPY00046812

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация результатов научных исследований, актуальных проблем
в области права, привлечение внимания к перспективным
и актуальным направлениям юридической науки

Подписной индекс – 76199

<https://doi.org/10.48081/FBEK6789>

Бас редакторы – главный редактор

Ахмеджанова Г. Б.

д.ю.н., профессор

Заместитель главного редактора Олжабаев Б. Х., *к.ю.н., ассоц.профессор*
Ответственный секретарь Жамулдинов В. Н., *к.ю.н., ассоц.профессор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Ишеков К.А.,	<i>д.ю.н., профессор (Российская Федерация)</i>
Дуйсенов Э. Э.,	<i>д.ю.н., профессор</i>
Балымов Е.К.,	<i>PhD доктор</i>
Омарова А. Р.,	<i>технический редактор</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 10.07.33

<https://doi.org/10.48081/RMHT4126>*** А. К. Айткенов**

«ERG Service» ЖШС, аға заң кеңесшісі
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА САНАДАН БАСТАЛАДЫ

2022 жылдың 16 наурызында Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты жолдауы жарияланды. Аталған жолдауда маңызды мәселелер көтерілген болатын. Кейін 2022 жылдың 29 наурызында аталған жолдауды іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің № 847 жарлығы шықты. Жолдаумен ЖАЛПЫ ҰЛТТЫҚ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ да бекітілді. Аталған жоспар жүзеге асқан жағдайда, Қазақстан демократия, құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам құру жолында үлкен қадам жасады дегуге болады. Әрине жолдауда айтылмай қалған, жоспарға енбей қалған мәселелер де болуы мүмкін. Автордың пікірі бойынша, сондай мәселелердің бірі – жаңа қазақстандықтардың құқықтық санасы мәселесі.

Жалпы алғанда сана – бұл организмнің орын алып жатқан оқиғаларды субъективті түсіну, саралау және оларға жауап беру қабілетін көрсететін психикалық жай-күйі. Жаңа Қазақстан құру жолында мемлекет пен қоғам үшін азаматтардың құқықтық санасы маңызды болатыны сөзсіз.

Құқықтық сана – бұл құқықтық қозғарастардың, теориялардың, идеялардың, сенімдердің, көңіл күйлердің, сезімдердің жүйесі. Қалыптасқан немесе күтілетін заңнамаға, адамдардың құқық саласындағы іс әрекеттеріне деген жеке тұлғаның, әлеуметтік топтың не жалпы алғанда қоғамның қозғарасы олардың құқықтық санасында көрініс табады. Яғни жеке бір адамның құқықтық санасы, әлеуметтік топтардың (жұмыскерлердің, жастардың, күштік құрылым қызметкерлерінің, саясаткерлердің), кеңінен алсақ Қазақстан қоғамының құқықтық санасы туралы айтуға болады.

Кілтті сөздер: жаңа Қазақстан, құқық, мемлекет, құқықтық сана, азаматтық қоғам, конституция

Кіріспе

Әр адамның тұлға ретінде қалыптасуына көптеген факторлардың әсер ететіні сөзсіз. Ол тұлғаның психологиялық ерекшеліктері, отбасыдағы тәрбие, мектептегі тәрбие, достары, әріптестері, жеке басының тәжірибесі және басқа да факторлар болуы мүмкін. Сол сияқты, жеке алған мемлекет қоғамының құқықтық санасына да түрлі факторлар әсер етеді. Ол мәдениет, тарих, билік басындағы тұлғалардың іс әрекеттері, экономикалық жағдай және басқалар.

Материалдар мен әдістер

Мәселені зерттеу барысында әлеуметтік құбылыстарды тануға бағытталған диалектикалық тәсіл қоданылды. Бұл тәсіл өз кезегінде логикалық, тарихи және жүйелік әдістерді қолдануға мүмкіндік берді. Сонымен қатар құбылыстарды салыстыру әдісі де қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Әр адамның тұлға ретінде қалыптасуына көптеген факторлардың әсер ететіні сөзсіз. Ол тұлғаның психологиялық ерекшеліктері, отбасыдағы тәрбие, мектептегі тәрбие, достары, әріптестері, жеке басының тәжірибесі және басқа да факторлар болуы мүмкін. Сол сияқты, жеке алған мемлекет қоғамының құқықтық санасына да түрлі факторлар әсер етеді. Ол мәдениет, тарих, билік басындағы тұлғалардың іс әрекеттері, экономикалық жағдай және басқалар.

Кез келген мемлекеттің басты мақсаттарының бірі - қоғамда дұрыс құқықтық сананы қалыптастыру. Әр түрлі мемлекеттерде дұрыс құқықтық санаға қатысты әр-түрлі көзқарастар қалыптасуы мүмкін, тіпті бір мемлекет өз тарихында құқықтық көзқарастарын өзгертуі де мүмкін. Мысалы, жеке меншікке және кәсіпкерлікке қатысты Америка Құрама Штаттары мен Кеңестік Одақтың, тәуелсіз Қазақстан мен Кеңестік Одақ құрамындағы Қазақстанның құқық жүйелерінде орын алған көзқарастар қарама қайшы екендігі баршаға анық. Ал соңғы уақытта елімізде орын алып жатқан өзгерістерді сараласақ, құқықтық санада да өзгерістердің орын алып жатқанын байқауға болады. Қаңтардағы оқиғалардан кейін еліміздің саяси билігі, кейде авторитарлық деп аталатын, суперпрезиденттік басқару формасынан бас тартатынын жариялады. Сонымен қатар, жемқорлыққа жағдай жасайтын немесе заңыз шешімдер мен келісімдердің негізінде туындайтын монополияларды жойып, адал әрі әділ «ойын ережесін» қалыптастыратынын да жариялады.

Жоғарыда айтылған жолдаудың, басқа да мәлімдемелердің және алдағы уақытта қабылданатын құқықтық актілердің құр сөз болып қалмай, нақты

іс әрекеттер мен түбегейлі өзгерістерге алып келуі үшін заңдар санаға қонымды болуы қажет. Сонда ғана Қазақстан азаматтары арасында дұрыс құқықтық сана қалыптасуы мүмкін. Құқықтары мен міндеттерін білетін, оларды қабылдайтын, туындайтын мәселелерді заң жолымен шешуге мүдделі қоғам қалыптаспай, құқықтық Қазақстан және азаматтық қоғам құру қиын болатыны анық. Әрине, қоғамның барлық мүшелерінде дұрыс құқықтық сана қалыптастыру утопия болса да, қоғамның басым бөлігіне ортақ дұрыс құқықтық сана қалыптастыру маңызды болып көрінеді.

1991 жылдың 16 желтоқсанында тәуелсіздігін жариялаған кезде Қазақстанда жаңа қоғам бірден пайда болған жоқ – сол Кеңестік идеологияның әсерімен қалыптасқан, өзіндік жақсы да, жаман да жақтары бар, қоғам еді. Уақыт өте келе, әрине, қоғамдық сана да, саясат та, экономика да өзгерді, бірақ Кеңестік идеологияның әсері әлі де қоғамымызда байқалып жатады. Аталған идеологияның әсері азаматтардың саяси көзқарастарында, тарихи оқиғаларды түсіндіру әдістерінде, тәуелсіз Қазақстанның белгілеріне (ту, елтаңба, әнұран, мемлекеттік тіл, шекара, әскер, елді-мекендердің атаулары) деген қатынастарынан байқалады. Қоғамымыздың құқықтық санасына енген теріс көзқарастарға бірнеше мысал келтіре кеткен дұрыс болады.

Жыл сайын мамыр айында еліміздің көптеген қалалары мен ауылдарында жұмыс берушілер жұмысшы халықты жалпы «сенбіліктерге» шығара бастайды. Ол сенбіліктерге шығатын адамдардың басым бөлігі жалдамалы жұмысшылар (түрлі мемлекеттік органдардың, үлкенді-кішілі өндіріс орындарының, кейде мектептердің қызметкерлері). Мұндай сенбіліктер кезінде басшылар тарапынан әр ұйымға белгілі бір тазалауға тиісті аумақ бекітіледі. Яғни, жоғарыдан төмен қарай сәйкес пәрмен жіберіледі. Сөйтіп әр басшы өзіне бағынышты адамдар арасынан тазалау жұмыстарына топтар құрады. Ал адамдар өздерінің жеке уақытында өзінен лауазымы жоғары адамның тапсырмасы бойынша тегін жұмыс атқарады. Яғни еңбек қатынастары саласында жаппай заңсыздық орын алады. Мұндай заң бұзушылықтарға қатысатын адамдар Қазақстан Республикасы Конституциясының 24 бабында жазылған еңбек еркіндігі туралы, еріксіз еңбекке тек сот үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол берілетіндігі туралы білмеуі мүмкін деген ой келуі мүмкін. Бірақ мәселенің мәні онда емес – мәселенің мәні адамдардың құқықтың санасында. Әр лауазымды тұлға өзінің және өзге адамдардың құқықтары мен мүдделерін, соның ішінде жеке уақытын, құрметтеуі тиіс. Әр жұмыскер өзінің еңбегі мен уақытының құндылығын сезінуге және құқықтары мен мүдделерін қорғауға тиіс.

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 747 бабының 2 тармағына сәйкес заңды тұлғалар мен азаматтар қызмет көрсету банктерін өз бетінше таңдайды және олар банктік шот шартын бір банкпен де, бірнеше банкпен де жасауға құқылы. Аталған нормаға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары қызмет көрсету сапасына қарай, офистерінің санына қарай, электрондық қызметтерінің ыңғайлылығына қарай және басқа да көрсеткіштер бойынша бір не бірнеше банкте банктік шот аша алады, яғни банктік шот шартын жасай алады. Бірақ, кейде азаматтар жұмыс берушісінің талабы бойынша нақты бір банкте шот ашуға мәжбүр болып жатады. Жұмыс берушілер тарапынан мұндай талаптар қою, әрине, заңсыз. Жұмысшылар мұндай талаптарды орындауға міндетті емес. Мұндай жағдайларды банктер тарапынан белгілі бір жұмыс берушілер деңгейінде өзіндік монополия орнату әрекеті деп қарастыру қажет.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 32 бабана сәйкес азаматтар бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға хақылы. Бұл құқықты пайдалану мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін заңмен шектелуі мүмкін. «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы № 333-VI ҚРЗ заңының 10 және 11 баптарына сәйкес митинг нысанында бейбіт жиналыстар өткізуге ниетті азамат жергілікті атқарушы органға жиналыс өткізілетін күніне дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлама беруге тиіс. Ал жергілікті атқарушы орган үш жұмыс күні ішінде азаматқа жауап беруге тиіс. Егер аталған заңның 14 бабында көрсетілген он негіздің кем дегенде біреуі анықталса, жергілікті атқарушы орган жиналысты өткізуге тыйым салады. Аталған тәртіп «хабарлама жасау тәртібі» деп аталады.

Ауыр салмақты автокөлікпен автомобиль жолдарымен жүруге ниетті азамат не заңды тұлға Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 206 бұйрығымен бекітілген «Ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес арнайы сұрау салады (өтініш жібереді). Уәкілетті орган бір не екі жұмыс күні ішінде рұқсат береді не рұқсат беруден бас тартады. Егер аталған стандарттың 9 тармағында көрсетілген алты негіздің кем дегенде біреуі анықталса, уәкілетті орган рұқсат беруден бас тартады. Аталған тәртіп «рұқсат беру тәртібі» деп аталады.

Жоғарыда келтірілген жиналыстар өткізу және ауыр автокөлікпен автомобиль жолдарымен жүру тәртіптерін салыстырсақ, олардың арасында

принципті айырмашылықтың жоқ екенін аңғаруға болады. Бірақ біріншісі «хабарлама жасау тәртібі», ал екіншісі «рұқсат беру тәртібі» деп аталады. Екі жағдайда да азаматтың белгілі бір іс-әрекет жасауына уәкілетті органның ұйғарымымен тыйым салынуы мүмкін. Бұл жағдай, заң шығару процессінде де өзгерістер қажет екендігін көрсетеді. Заңды дайындау, талқылау, қабылдау процесінде бірінші кезекте, жеке бір тұлғалардың емес, жалпы халықтың және мемлекеттің мүдделері басшылыққа алынуы қажет.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 7 бабына сәкес Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі. Бірақ қазақ тілді азаматтар өз тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіне жете қоймағандығы туралы көп айтады. Әсіресе Қазақстанның солтүстік облыстарында қазақ тілінің жағдайы әлі де төмен деңгейде. Бұның себептері көп болуы мүмкін, бірақ негізгілерін атап өткен жөн болады.

Бірінші себеп – азаматтардың мемлекеттік тілде сөйлеуге деген ынтасының болмауы. Ынтаның аздығын азаматтар арасында «орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі» деген жалған пікірдің кең тарауымен байланыстыруға болады. Тілге қатысты құқықтық нормалар Конституцияда және 1997 жылдың 11 шілдесіндегі №151-І Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңында бекітілген. Аталған құжаттарда «ұлтаралық қарым-қатынас тілі» деген ұғым мүлдем жоқ. Бұл ұғым «Қазақ Кеңес Социалистік Республикасындағы тілдер туралы» Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының 1989 жылдың 22 қыркүйегіндегі заңында ғана болған. Бірақ ол заңның күші жоқ.

Екінші себеп – жұмыс берушілер тарапынан қазақ тілді жұмыскерлердің құқықтарын ескермеуі. Мысалы, Торайғыров университетінде техникалық мамандық бойынша қазақ тілді топта оқыған, соның ішінде «кәсіби қазақ тілі» пәнін игерген жас түлек диплом алғаннан кейін Павлодар қаласының үлкен кәсіпорындарына орналасқысы келсе, оның алдында орыс тілін үйрену қажеттілігі туындайды. Себебі ірі кәсіпорындар өз жұмысын, соның ішінде іс-қағаздарын, мемлекеттік тілге әлі көшірген жоқ. Қалыптасқан жағдай іс жүзінде бірнеше теріс нәтижелерге алып келеді:

- қазақ тілді мамандар орыс тілді ортада біраз уақыт жұмыс істегеннен кейін кәсіби қазақ тілін ұмытады, яғни мұндай мамандар үшін қазақ тілі отбасы мен достары арасындағы тіл ғана болып қалады. Бұл жайт, өз кезегінде, қазақ тілді маманның кәсіби бәсекелестігін төмендетеді.

1997 жылдың 11 шілдесіндегі №151-І Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңының 8 бабында мемлекеттік емес ұйымдардың жұмысында мемлекеттік тіл және қажет болған жағдайда басқа тілдер қолданылады делінген. Яғни, кішігірім жеке кәсіп иесінен бастап

үлкен трансұлттық корпорацияларға дейін өз жұмысын (іс-қағаздарын, жиналыстарын, ақпараттық активтерін, есептерін, бухгалтериясын) мемлекеттік тілде жүргізуге міндетті. Бірақ жұмыс берушілер өз жұмысында мемлекеттік тілмен қатар басқа да тілдерді қолдануға құқылы.

Өкінішке орай, аталған норма жұмыс берушілер тарапынан сақталмайды, яғни мемлекеттік тілдің орынына басқа тілді, яғни орыс тілін, қолданады. Аталған мәселенің, әсіресе жұмыскерлердің қауіпсіздігі саласында, орын алатыны алаңдатады. Мысалы, ірі зауыттардың барлығына дерлігі қауіпті өндіріс орындары болып саналады. Сол себепті, мұндай жұмыс орындарында түрлі сақтық шаралары қолданылады, соның ішінде жұмыскерлерге түрлі нұсқаулар (инструктаж) өткізіледі. Егер қандай да бір жұмыс берушінің (зауыттың) қауіпсіздік туралы нұсқаулығы қазақ тілді маманға өзге тілде өткізілсе, бұл жұмыскердің өмірі мен денсаулығына деген немқұрайлылық болып табылады және мұндай жағдайлар еңбек инспекциялары тарапынан қатаң жазалануы қажет. Егер аталған құқық бұзушылық орын алып жатса, бұл сол жердегі кәсіподақ ұйымының да дұрыс жұмыс атқармайтындығын көрсетеді, себебі кәсіподақтардың басты міндеті - жұмыскерлердің жұмысын қолайлы және қауіпсіз ету.

Қорытынды

Жалпы құқықтық, заңдық тұрғыдан саналы қоғам қалыптастыру үшін, сол қоғамның әр мүшесі заңның қабылдануына өзінің қатысы барын сезінуі және сол заңның мүлтіксіз, барлық азаматтарға бірдей қолданылуына мүдделі болуы қажет. Ол үшін азаматтардың қоғамға, мемлекетке қатысты маңызды мәселелер бойынша пікірін ашық айтуына, құқықтарын қорғауына, мүдделерін жүзеге асыруына билік органдары тарапынан жағдай жасалуы қажет. Сонымен қатар, азамат пен азамат, мемлекет пен азамат арасында өзара сенім және құрмет сезімі қалыптасуы қажет.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Тоқасев, Қ. К.** «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» // Егемен Қазақстан, 2022. 1–3 бб.

2 Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 29 наурыздағы № 847 жарлығы. [Электронный ресурс] – [URL:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000847](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000847).

3 Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 кодексі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409>.

4 Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Конституциясы. [Электронный ресурс]– [URL:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000).

5 Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы № 333-VI ҚРЗ «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» заңы. – [URL:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2000000333](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2000000333).

6 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 206 бұйрығы. [Электронный ресурс] – [URL:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011395](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011395).

7 Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңы. [Электронный ресурс]– [URL:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151).

8 Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 16 желтоқсандағы № 1007-XII «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңы. [Электронный ресурс] – [URL:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z910004400](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z910004400).

9 Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының 1989 жылдың 22 қыркүйегіндегі «Қазақ Кеңес Социалистік Республикасындағы тілдер туралы» заңы. [Электронный ресурс] – [URL:https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1005765](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1005765).

10 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексі. [Электронный ресурс]– URL : <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>.

REFERENCES

1 **Тоқаев, Q. K.** «Halyq birlığı jäne jüieli reformalar – el örkendeuiniñ berik negızı» // [People's unity and systematic reforms are the solid foundation of the countrys prosperity] [Text] Egemen Qazaqstan, 2022. 1-3 pp.

2 Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ 2022 jylğy 29 nauryzdağy № 847 jarlyğy [Decree No. 847 of the President of the Republic of Kazakhstan dated March 29, 2022] [Text].

3 Qazaqstan Respublikasynyñ 1999 jylğy 1 şildedegi N 409 kodeksı [Code of the Republic of Kazakhstan dated July 1, 1999 N 409] [Text].

4 Qazaqstan Respublikasynyñ 1995 jyly 30 tamyzda respublikalyq referendumda qabyldanğan Konstitusiasy [The Constitution of the Republic of Kazakhstan adopted in the republican referendum on August 30, 1995] [Text].

5 Qazaqstan Respublikasynyñ 2020 jylğy 25 mamyrdağy № 333-VI QRZ «Qazaqstan Respublikasynda beibit jinalystardy üiymdastyru jäne ötkizu tärtıby turaly» zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated May 25, 2020 No. 333-VI

RKZ «On the procedure for organizing and holding peaceful assemblies in the Republic of Kazakhstan»][Text].

6 Qazaqstan Respublikasy Investisialar jäne damu ministrınıń 2015 jylǵy 27 aqpandaǵy № 206 búıryǵy [Order No. 206 of February 27, 2015 of the Minister of Investments and Development of the Republic of Kazakhstan] [Text].

7 Qazaqstan Respublikasynyń 1997 jylǵy 11 şildedegı № 151-I «Qazaqstan Respublikasyndaǵy til turaly» zańy [Law of the Republic of Kazakhstan dated July 11, 1997 No. 151-I «On language in the Republic of Kazakhstan»] [Text].

8 Qazaqstan Respublikasynyń 1991 jylǵy 16 jeltosqandaǵy № 1007-XII «Qazaqstan Respublikasynyń memleketтік täuelsızdıǵı turaly» konstitusialyq zany [Constitutional Law of the Republic of Kazakhstan dated December 16, 1991 No. 1007-XII «On State Independence of the Republic of Kazakhstan»] [Text].

9 Qazaq Keńes Sosialistik Respublikasynyń 1989 jylдың 22 qyrküiegindeǵı «Qazaq Keńes Sosialistik Respublikasyndaǵy tilder turaly» zańy [Law of the Kazakh Soviet Socialist Republic «On languages in the Kazakh Soviet Socialist Republic» of September 22, 1989] [Text].

10 Qazaqstan Respublikasynyń 2015 jylǵy 23 qarashaдаǵy № 414-V Eńbek Kodeksi [Labor Code of the Republic of Kazakhstan dated November 23, 2015 No. 414-V] [Text].

Материал баспаға 10.06.22 түсті.

A. K. Айткенов

ТОО «ERG Service» Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 10.06.22

НОВЫЙ КАЗАХСТАН НАЧНЕТСЯ С НОВОГО СОЗНАНИЯ

16 марта 2022 года было опубликовано Послание Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева «Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны». В данном послании были подняты важные вопросы. Затем 29 марта 2022 года вышел Указ Президента Республики Казахстан № 847 о мерах по реализации данного послания. Посланием также утвержден план общегосударственных мероприятий. В случае реализации данного плана Казахстан сделает большой шаг на пути к построению демократии, правового государства и гражданского общества. Конечно, есть вопросы, которые не были озвучены в послании, не вошли в план. По мнению автора, один из таких вопросов – проблема правосознания новых казахстанцев.

Сознание в целом—это психическое состояние организма, отражающее его способность субъективно понимать, анализировать и реагировать на происходящие события. Безусловно, правосознание граждан будет иметь важное значение для государства и общества на пути создания нового Казахстана.

Правосознание—это система правовых установок, теорий, идей, убеждений, настроений, чувств. Отношение личности, социальной группы либо общества в целом к сложившемуся или ожидаемому законодательству, действиям лиц в сфере права находит отражение в их правосознании. То есть можно говорить о правосознании отдельного человека, о правосознании социальных групп (работников, молодежи, работников силовых структур, политиков), в широком смысле—казахстанского общества.

Ключевые слова: Новый Казахстан, право, государство, правосознание, гражданское общество, конституция

A. K. Aitkenov

«ERG Service» LLP

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 10.06.22.

NEW KAZAKHSTAN WILL BEGIN WITH A NEW CONSCIOUSNESS

On March 16, 2022, the Message of the President of the Republic of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev «The unity of the people and systemic reforms is a solid foundation for the country's prosperity» was published. This message raised important questions. Then, on March 29, 2022, Decree of the President of the Republic of Kazakhstan No. 847 was issued on measures to implement this message. The message also approved a plan of nationwide events. If this plan is implemented, Kazakhstan will take a big step towards building democracy, the rule of law and civil society. Of course, there are questions that were not voiced in the message, were not included in the plan. According to the author, one of these issues is the problem of the legal consciousness of new Kazakhstanis.

Consciousness as a whole is the mental state of the body, reflecting its ability to subjectively understand, analyze and respond to ongoing events. Undoubtedly, the legal awareness of citizens will be important for the state and society on the way to creating a new Kazakhstan.

Legal consciousness is a system of legal attitudes, theories, ideas, beliefs, moods, feelings. The attitude of an individual, social group or society as a whole to the current or expected legislation, the actions of persons in the field of law is reflected in their legal consciousness. That is, we can talk about the legal consciousness of an individual, about the legal consciousness of social groups (workers, youth, employees of law enforcement agencies, politicians), in a broad sense, of Kazakhstani society.

Keywords: New Kazakhstan, law, state, legal consciousness, civil society, constitution

Теруге 10.06.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,02 Мб RAM

Шартты баспа табағы 11,4.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген А.К. Мыржикова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс №3959

Сдано в набор 10.06.2022 г. Подписано в печать 30.06.2022 г.

Электронное издание

3,02 Мб RAM

Усл.п.л. 11,4. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка А. К. Мыржикова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3959

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

<https://vestnik.tou.edu.kz/>